Хаттама №1

27.08.2022 ж.
Қатысқандар: 12

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық кеңес хатшысын сайлау.
2. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
3. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстардың қорытынды есебі.
4. Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерудің қорытындысы.
5. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары, ҰІӘ кестесі, күн тәртібі және педагогтардың жоспарларын бекіту.
6. Жас мамандарға тәлімгерлерді және жүргізілетін жұмыс жоспарын бекіту.
7. Шығармашылық топ мүшелері мен жұмыс жоспарын бекіту.
8. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін бекіт, комиссияның құрамын сайлау.
9. Тәрбиешілерді топтарға бекіту

1.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе педагогикалық кеңес хатшысын сайлау, туралы балабақша меңгерушісі З.Амирсеитова сөз алды.

Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтады. Әуелі педагогикалық кеңес хатшысын сайлап алуды ұсынды. Хатшылыққа балабақша әдіскері Ж.Кулыншакова ұсынды. Педагогтар бір ауыздан келісіп сайлады.

2.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы әдіскер Ж.Кулыншакова айтып өтті.

Тәрбиешілер ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспарын түзіп, күн тәртібі барысында балаларды қабылдау, шығарып салу кезінде түрлі тақырыпта кеңестер беріп отырды. Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында жақсы қарым-қатынас орнаған.Жас мамандармен жаз мезгілінде де жұмыс жүргізіледі. Жазғы сауықтыру, ойын сауықтарды ұйымдастыру кезінде ақыл- кеңестер беріліп, түсіндіру жұмысы жүргізілді.
1.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерудің қорытындысы туралы балабақша меңгерушісі З.Амирсеитова сөз алды
Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерудің қорытындысы қанағаттанарлық деп біршама жұмыстарға тоқталып өтті.
1.Тыңдалды:балабақша әдіскері: Ж.Кулыншакова
2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары, ҰІӘ кестесі, күн тәртібі және педагогтардың жоспарларын бекіту

**Ересек тобы**

**4-5 жасқа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары**

**2022-2023 оқу жылы**

| № | Білім беру салалары/ұйымдастырылған оқу қызметі | Аптадағы нормативтік жүктеме | Аптадағы өткізу жиілігі | Айлық сағат саны | Оқу жылындағы сағат саны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | 3 | - | 12 | 108 |
| | Дене шынықтыру ** | | күн сайн | - | - |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | | күн сайн | - | - |
| | Қазақ тілі | 1 | - | 4 | 36 |
| | Қазақ тілі *** | | күн сайн | - | - |
| 3 | Математика негіздері | | күн сайн | - | - |
| 4 | Қоршаған ортамен таныстыру | | күн сайн | - | - |
| 5 | Сурет салу | | күн сайн | - | - |
| | Мүсіндеу | | күн сайн | - | - |
| | Аппликация | | күн сайн | - | - |
| | Құрастыру | | күн сайн | - | - |
| 6 | Музыка | 2 | - | 8 | 72 |
| | Музыка **** | | күн сайн | - | - |
| 7 | Арнайы түзетішi іс-әрекет ***** | | күн сайн | - | - |
| | **Барлығы:** | **6 сағат** | **-** | **24** | **216** |

**Ескерту:**

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

**Ортаңғы топ**

**3-4 жасқа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары**

**2022-2023 оқу жылы**

| № | Білім беру салалары/ұйымдастырылған оқу қызметі | Аптадағы нормативтік жүктеме | Аптадағы өткізу жиілігі | Айлық сағат саны | Оқу жылындағы сағат саны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | 3 | - | 12 | 108 |
| | Дене шынықтыру ** | | күн сайн | - | - |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | | күн сайн | - | - |
| | Қазақ тілі | 1 | - | 4 | 36 |
| | Қазақ тілі *** | | күн сайн | - | - |
| 3 | Математика негіздері | | күн сайн | - | - |
| 4 | Қоршаған ортамен таныстыру | | күн сайн | - | - |
| 5 | Сурет салу | | күн сайн | - | - |
| | Мүсіндеу | | күн сайн | - | - |
| | Аппликация | | күн сайн | - | - |
| | Құрастыру | | күн сайн | - | - |
| 6 | Музыка | 1 | - | 4 | 36 |
| | Музыка **** | | күн сайн | - | - |
| 7 | Арнайы түзетіші іс-әрекет ***** | | күн сайн | - | - |
| | **Барлығы:** | **4 сағат** | - | **20** | **180** |

**Ескерту:**

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді. Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы

мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

**Кіші топ**
**2-3 жасқа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары**
**2022-2023 оқу жылы**

| № | Білім беру салалары/ұйымдастырылған оқу қызметі | Аптадағы нормативтік жүктеме | Аптадағы өткізу жиілігі | Айлық сағат саны | Оқу жылындағы сағат саны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | 3 | - | 12 | 108 |
| | Дене шынықтыру ** | | күн сайн | - | - |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | | күн сайн | - | - |
| 3 | Сенсорика | | күн сайн | - | - |
| 4 | Қоршаған ортамен таныстыру | | күн сайн | - | - |
| 5 | Сурет салу | | күн сайн | - | - |
| | Мүсіндеу | | күн сайн | - | - |
| | Аппликация | | күн сайн | - | - |
| | Құрастыру | | күн сайн | - | - |
| 6 | Музыка | 1 | - | 4 | 36 |
| | Музыка **** | | күн сайн | - | - |
| 7 | Арнайы түзетіші іс-әрекет ***** | | күн сайн | - | - |
| | **Барлығы:** | **4 сағат** | **-** | **16** | **144** |

**Ескерту:**

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес)арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.Қазақстан РеспубликасыОқу-ағарту министрінің2022 жылғы 9 қыркүйектегі.

Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді. Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгіұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.осылай егжей тегжей таныстырып өтті.Күн тәртібінде осылай таныстырп бекітіп берді.

Тыңдалды алтыншы мәселе бойынша Балабақша меңгерушісі: З.Амирсеитова Жас мамандарға тәлімгерлерді және жүргізілетін жұмыс жоспарын

бекіту,**Мақсаты:**жасмамандарға педагогика мен психология саласындатеориялықжәнепрактикалықмәселелербойыншаәдістемеліккөмек пенжекекеңестерберудіөткізудіұйымдастыру. Жасмамандардыпедагогикалықізденістергеүйрету, ұстаздықшеберліккетәрбиелеу, қазіргізаманталаптарына сай жаңаұйымдастырылғаноқуіс-әрекетінеқойылатынталаптардымеңгерту.**Міндеттері:**

- оқытуүрдісіндеізгілендіру мен демократияландырудыбасшылыққаалу;

- жаңазаманталабынақойылатынталаптардызерттеу;

- педагогикалықжаңашылдықтыүйрену, меңгеружәнедамыту педагогтарға мақсатымен міндетімен таныстырып өтті. **Тыңдалды**:балабақша меңгерушісі: З.Амирсеитова жетінші мәселе бойынша Шығармашылық топ мүшелері мен жұмыс жоспарын бекітіліп берілді.
Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін бекітіп, комиссияның құрамын сайланды.Тәрбиешілерді топтарға бекіту мәселесі 5 топ тарбиешілер бекітілді.

**Қаулы:**

1. Педагогикалық кеңес хатшысын сайлансын.
2. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстардың қорытынды есебі.
3. Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерілсін.
4. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары, ҰІӘ кестесі, күн тәртібі және педагогтардың жоспарларын бекітілсін.
5. Жас мамандарға тәлімгерлерді және жүргізілетін жұмыс жоспарын бекітілсін.
6. Шығармашылық топ мүшелері мен жұмыс жоспарын бекітілсін.
7. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін бекітіп, комиссияның құрамын сайлансын.
8. Тәрбиешілерді топтарға бекітілсін.

Жиналыс төрайымы: З.Амирсеитова
Хатшы: Ж.Кулыншакова

24.11.2022 ж.

**Хаттама №2**

Қатысқандар: 11

**Күн тәртібінде:**

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне жасалынған бақылаудың қорытындысын талдау.
3. Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерін талдау.
4.Баяндама: «Мектепке дейінгі ұйымдарға инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізу».
5. «Табиғат бұрышындағы гүлдер» көрмесінің қорытындысы.

**1.Тыңдалды:** Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы балабақша әдіскері Ж.Кулыншакова сөз алды.

Құрметті тәрбиешілер жаңа оқу жылының басталғанына да екі айдың жүзі болды. Жаңа 2022-2023 оқу жылына дайындық жұмыстары өз деңгейінде жүргізілді. Оқу тәрбие жұмысы стандарт талаптарына сай жоспарланып жүргізілуде. Бала өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі туралы нұсқаулық жүргізіліп,таныстырылды. Педагогтар мен тәрбиешілер іскерлікпен, шығармашылық пен методикалық талапқа сай жұмыс жүргізіп келеді.

**2.Тыңдалды:** Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне жасалынған бақылаудың қорытындысын талдау туралы айтылды.

Балабақшаның 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарына сай топ тәрбиешілерінің күн тәртібін сақтау жүйелілігін көру мақсатында 2022 жылдың 21-23 қараша күндері аралығында кіші жас тобы «Балапан», кіші жас тобы «Бүлдіршін», ортаңғы топ «Айгөлек, Ақбота» «Аққу», ересек топтарында «Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуін бақылау» тақырыбында тақырыпты тексеру жүргізілді. Тексеру барысында:

Топтардың іс құжаттарынан бастапқы мониторинг, апталық циклограмма, перспективалары, жеке даму картасы тексерілді. Құжаттар талапқа сай жүргізілген. Тәрбиешілер апталық тақырыпқа сай жұмыстарын жоспарлап отырады. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізуде. Тексеру тақырыбына сай тәрбиешілердің көрнекіліктері, құжаттары және де қосымша материалдары тексерілді.

Күн тәртібі- балар іс әрекеті мен демалысының уақыты мен кезегіне қарай тиімді өмір тәртібі. Балабақшадағы тамақтану, ұйықтау, ойнау, оқу, серуендеу – күн тәртібінің мазмұнын құрайды және олар қайталанып отырады.

Кіші жас «Балапан» тобының тәрбиешілері Телемисова Ж тәрбиеленушілерімен қатар бір күндік күн тәртібі тексерілді. Балаларды балабақшаға қабылдау, тексеру, ойындар мен ертеңгілік гимнастикаға бақылау жасалды. Балалар өз уақытынан кеш келіп жатты. Тәрбиешілердің ата- аналармен қарым-қатынас жасау барысында балаларды балабақшаға уақытпен алып келулерін ескертіп айту керек еді. Сонымен қатар ортаңғы топ «Ақбота» тобының ұйымдастырылған іс әрекеттеріне қатыса отырып, тәрбиеші Г.Шалатаева тәрбиеленушілермен жүргізген жұмыстары қаралды. Тәрбиеші іс әрекетін ойын арқылы балаларға қызықты етіп өткізді. Іс әрекеті аяқталысымен балаларды серуенге апаруға дайындалды. Серуен барысында табиғаттағы өзгерістермен таныстырып, еңбекке баулыды. Содан соң балаларды ойынға шақырып, қызықты ойындар ұйымдастырды.Сағат 11.30-да балаларды ішке кіргізіп гигиеналық шаралар жүргізді. Балалар өз беттерінше шешінуді, қолдарын жууды меңгеріп қалған. Игере алмаған балаларға тәрбиеші өзі көмек беруде. Ас адамның арқауы демекші жуынып болған соң балалар тамақтануға отырды.

Балалардың отыруына, қалай тамақтану керек екендігін түсіндіре жүріп, тазалыққа шақырды.

Күннің екінші жартысында ортаңғы топ «Бүлдіршін» тобының тәрбиеленушілерінің ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары қаралды. Ортаңғы топ «Ақбота» тобының тәрбиешісі Г.Шалатаева балалармен шынықтыру шараларын жасады. Балалар төсекте жатып гимнастикалар орындады. Содан соң түймелі іздермен жүріп біршама сергіп қалды. Беті –қолдарын жуып бесін асты ішуге отырды. Тамақтанып болған соң тәрбиеші ойын ойнатуға кірісті. Дидактикалық ойындар ойнатылып болған соң, серуенге шығуға дайындалды. Балалар сыртқа шығып түрлі ойындар ойнады. «Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуін бақылау» тақырыбындағы тақырыпты тексерудің келесі күндерінде ересек «Аққу» тобы мен кіші жас топ «Балапан» тобы тексерілді. Ересек топтардың балаларды қабылдауынан бастап, таңертеңгілік ойындар мен ертеңгілік гимнастиканы қалай ұйымдастыруына бақылау жасалды. «Балапан» тобының тәрбиешілері Ж.Телемисова жіберілген қателіктерін көрсете отырып, келесіде болдырмау керектігі ескертілді. Балалар таңертеңгілік асқа барлығы бірдей отыруы шарт. Бірақ топ тәрбиелен„ушілері мерзімінен кешігіп келіп жатты. Сағат 9.00-ден-10.15 ке дейін ұйымдастырылған іс әрекетіне дайындық жүргізілді. Іс әрекеттері жүргізіліп жатқан тұста балалар кешігіп іс әрекетін ортасынан бөліп келіп жатты. Осындай кемшіліктерді болдырмауға тырысуымыз қажет. Ересек «Аққу» тобының тәрбиеленушілерінің серуенге шыққан уақыты, еңбек етуі мен қимылды ойындары қаралды. Балалар серуенде білмегендерін тәрбиешілерден еркін сұрап, табиғатты бақылауға тырысты. Тәрбиеші А.Уразбаева балалармен бірге ойындар ойнап, балалардың қызығушылығын одан әрі арттырды. Сағат 12.10- да балалар ішке кіріп,өз беттерінше шешініп, жуынуға кірісті. Балалар түскі ас ішуге отырды

**3. Тыңдалды.** Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерін талдау.

Балабақша меңгерушісі З.Амирсеитова сөз алып өткізілген ашық ұйымдастырылған іс әрекеттеріне тоқталып өтті.

Ересек «Аққу» тобының тәрбиешісі А.Уразбаева "Коммуникативті дағдыларды дамыту бойынша "Ертегілер еліне саяхат" тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс әрекетін өтті. ҰІӘ шаттық шеңберінен басталды. Жаңа тақырыпты түсіндіру барысында тәрбиеші суреттер пайдаланды,балаларға сұрақтар қоя отырып сұхбат жүргізді.. Ортаңғы «Ақбота» тобының тәрбиешісі Г.Шалатаева «Ойыншықтар» тақырыбында ҰІӘ өткізді. Тәрбиешінің қойған мақсаты, білімділік тапсырмасы сұрақтар қойып, жауап алуы, сөйлеу мәнері қолданылған әдіс-тәсілдері балалардың сөйлеу мәнері қаралып, орташадан жоғары деген баға қойылды. Кіші жас «Бүлдіршін» тобының тәрбиешісі Булекбаева З «Үй жануарлары» тақырыбында ҰІӘ өткізді. Балалардың саусақ моторикасы дамитын түрлі тапсырмалар орындатты.

Балалармен кірпінің баласын ермексаздан жасады. Тәрбиешілердің жұмыстары сараланды. Ашық ҰІӘ талапқа сай өтті. ҰІӘ жақсы дайындалған.

**4.Тыңдалды:** «Мектепке дейінгі ұйымдарға инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізу» тақырыбында баяндама оқыды.

Қазіргі кезде жас ұрпаққа жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Дарынды, шығармашылық тұлға қалыптастыру – білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы. Адамзат баласының өз ұрпағын мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі ең озық тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту жалғаса бермек. Білім, тәрбие жұмысына жаңа әдістемелік амал-тәсілдерді, құрал-жабдықтарды, жаңа тұжырымдамаларды жасап, оларды қолдану инновация деп аталады. Инновация – жаңалыққа талпыну, бұл сән немесе еліктеуін емес, қатал шындық, өмір қажеттігі. Мемлекеттік тілді жан-жақты меңгертуде ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін тиімді қолдана білу, сабақ жүргізудің жаңа оқыту әдістерін әзірлеу – қазіргі кезеңде ең

өзекті мәселелердің бірі. Үйретілетін тілдік үйретудің әдіс-тәсілдерінің де жетілдіріп жатқаны да белгілі.

Қазір педагогика ғылымында «оқутыдың жаңа технологиясы», «оқытудың инновациялық технологиясы» деген ұғымдар кеңінен қолдануда.

Алдымен «технология» ұғымына тоқталайық. Бұл жерде ол «инновациялық педагогикалық технология» мәніне ие болып тұр.

Кез келген технологияның маңызы оның құрылымымен анықталады.

«Педагогикалық технология – оқыту мен тәрбие құралдарының арнайы формаларының, әдіс-тәсілдерінің, жолдарының жиынтығын анықтайтын психологиялық-педагогикалық нұсқаулар жиынтығы» Б.Т.Лихачев.

«Алдын ала жобаланған оқу-тәрбие үдерісінің тәжірибеде жүйелі әрі бірізді жүзеге асуы». В.П.Беспалько.

«Инновация » термині педагогикада қазіргі таңда кеңінен қолданылуда. Югославияның педагог ғалымы К.Ангеловский педагогика инновация мәселесін терең түрде зерттеген. Ол инновация терминінің экономика немесе техника ғылымдарынан педагогика саласына келген дейді де, «кейбір педагогтар инновация терминінің орнына реформа, жаналандыру, жетілдіру, оптимизация, оқыту модернизация ұғымдарын пайдаланады»,-деп көрсетеді.

Инновация дегеніміз – мазмұнды жанашалау, ал жаңалық еңгізу дегеніміз – инновациялық мазмұнды дамыту, жананы ұйымдастыру, ал «жанаша» жегеніміз жана мазмұн, оны еңгізудің әдіс-тәсілдерін, технологиясын қамтитын құбылыс деп түсінеміз.

Г.В.Селевко «инновациялық педагогикалық технологияны» үш жақты сипатын былай белгілейді:

- ғылымилық:педагогикалық технология – оқытудың мақсатын, мазмұның және әдіс-тәсілдерін жасайтын, педагогикалық үдерісті жобалайтын, оларды зерттейтін педагогика ғылымының саласы;

- үдерісті сипаттаушы: үдерісті сипаттау (алгоритмі) оқытудың жоспарланған нәтижесіне жетуде қолданылатын мақсат, мазмұн, әдіс-құралдар жиынтығы;

-үдерісті іс-әрекеттік:технологиялық (педагогикалық) үдерісті жүзеге асыру, барлық тұлғалық, құралдық және әдәснамалық педагогикалық құралдардың жұмысы.

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру саласында инновациялық технологияларды меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру тәрбиешінің интеллектуалды, кәсіптік-адамгершілік, рухани-азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқыту-тәрбиелеу үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Инновациялық технологияларды талдау барысында мына факторлар ескерілуі керек:

- алынып отырған технология оқытудың тақырыбы мен мазмұнына сай болуы;

- тиімділігі, жүйелілігі және басқада жақтары.

Инновациялық технологияны пайдалануды төмендегідей кезеңдер арқылы іске асырылады.

1- кезең – оқып үйрену.

2-кезең – меңгеру.

3-кезең – өмірге еңгізу, тәжірибеде қолдану.

4-кезең – дамыту, нәтижесін тексеру.

Енді инновациялардың мектепке дейінгі ұйымдарда пайдаланатын кейбіреуіне тереңірек тоқталайық. А.С.Макаренка айтқандай «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің, қандай маңызы болса, өскен соң жұмыста да сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткерді тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады».

Оқу үдерісінде ойын оқытудың әрі формасы, әрі әдісі де болып табылады, сол себепті ойын әрекеті тәрбиешімен баланың іс-әрекетінің бірлескен, өзара байланысты технологиясының дидиактикалық категориясы ретінде де қарастырылады. Педагогтар ойын үстінде бала санасын дамыту, тәрбиелеу, оқыту қатар жүргізіледі, оны бала

белсенділікпен және асқан ыждағаттылықпен қабылдайтындықтан, ойындарды оқу үдерісінде міндетті түрде енгізу жайлы айтады.
Қазіргі заманғы Қазақстандық білім беру үлгісіне көшуде және әлемдік білім кеңістігіне енуде кәсіби білікті, құзыретті тәрбиеші – педагог қана өз жұмысын жаңадан құрып, жоғары нәтижелерге жете алады.

**5. Тыңдалды:**«Табиғат бұрышындағы гүлдер» көрмесінің қорытындысы туралы балабақша әдіскері Ж.Кулыншакова сөз алды.

Балабақшаның барлық топ тәрбиешілері көрмеге өз жұмыстарын ұсынды. Байқаудың мақсаты жеке тұлғаның табиғи қажеттіліктерін ынталары мен белгілерін қалыптастыру, табиғат қамқоршылары қатарын молайту, тәрбиешінің еңбектік, эстетикалық мәдениетін, экологиялық сана-сезімін қалыптастыру және дамыту.

**Шешімі:**

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізе отырып, эксперименттік жұмыстар көп жүргізілсін. Жауапты: тәрбиешілер.
2. ҮІӘ жоспарлап өткізуде айтылған ұсыныстарды назарға алып, кемшіліктермен жұмыс жүргізілсін. Жауапты: тәрбиешілер.

Балабақша меңгерушісі: З.Амирсеитова

Хатшы: Ж.Кулыншакова

## Хаттама №3

24.02.2023ж.
Қатысқандар: 11

**Күн тәртібінде:**

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Баяндама «Балабақшада заттық кеңістік дамытушы ортасын құрудың тиімділігі»
3. «Санэпид.Ережесінің орындалуы» жан жақты тексеру қортындысы.
4. Үздік портфолио байқау қортындысы.
5. Өнер өнерліге ғана оңай педагогтар мен тәрбиешілердің педпроцесте қолданылатын көрнекіліктер.
6.Сұрақ жауап «Кім мықты?»

1.Тыңдалды:Балабақша меңгерушісі: З.Амирсеитова өз сөзінде өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.

2. Баяндама «Балабақшада заттық кеңістік дамытушы ортасын құрудың тиімділігі»

Бағдарламаны іске асыруда, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың сапасын арттыру, баланы жан-жақты дамыту педагогтардың алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі.
Балалардың дамуындағы маңызды факторлардың бірі – олардың қабілеттерін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Баланы жан-жақты дамытудың тиімді жолдарының бірі, бала қабілетін арттыратын қолайлы заттық кеңістік дамытушы ортасын ұйымдастыру, құру болып табылады.
Заттық-кеңістік дамытушы орта дегеніміз не, оны қалай құрамыз? – деген сұрақтар туындайды.
Заттық-кеңістік дамытушы ортаны құруда міндетті түрде әр жастағы балалардың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ,қызығушылығын ескеруіміз қажет,
Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – балаға заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын,

өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар ортаның болуы.

Дамытушы ортада бала ересектердің өзіне деген мейірімді қарым-қатынасын, дербестігін ынталандыруын, жеке басын құрметтеуін, балаға қиын сәттерде қолдау көрсетілетінін сезіне білу керек.

Дамытушы ортада балаға өз қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік ала алуы тиіс.

Дамытушы ортада баланың мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіріліп,әртүрлі әлеуметтік ортадан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз етілуі тиіс.

Дұрыс құрылған дамытушы ортада бала әрекетке ынталандырылады, бала тұлға ретінде дамиды, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал болады және еркін шешім қабылдауға қалыптасады.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

— қауіпсіз;
— қолжетімді;
— әртүрлі;
— мазмұнды;
— көп атқарымды;
— өзгермелі;
— тартымды.

Л.И. Фалюшина: білім берудің сапалы болу жолдарын, қатысушылардың атынан мына сөздермен түсіндіреді.

«Балалар үшін – бұл олар үшін ойын түрінде қызықты оқыту;

-ата-аналар үшін – бұл балаларды тиімді оқыту, яғни, балаларды мектепке жақсы дайындаған оқыту бағдарламалары; шаршамай оқу; балалардың денсаулығын сақтау; оқудың жетістігі; оқуға деген ұмтылысты сақтау, беделді мектепке қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және т.б.;

-тәрбиешілер үшін – бұл олардың қызметін мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басшыларының, ата-аналардың оң бағалауы; барлық балалардың барлық бағдарламаларды сәтті жүзеге асыруы; балалардың оқу үдерісіне қызығушылығын сақтау; балалардың табысты дамуы; балалардың денсаулығын сақтау; педагогикалық процесті барлық қажетті құралдармен және жабдықтармен қамтамасыз ету және т.б.;

-басшы үшін – бұл ата-аналар мен балалардың тәрбиешілер қызметіне берген жоғары бағасы; балалардың денсаулығын сақтау; педагог пен балалар іс-әрекетінің жетістігі; балалардың оқу уақытын және педагогтардың жұмыс уақытын ұтымды пайдалану; таңдалған бағдарламаларды толық игеру, балаларды мектепке сапалы дайындау

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортасын жобалауды, білім беру салалары «Денсаулық» , «Қатынас» «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бойынша қалай жүзеге асыруға болады.?
«Денсаулық» білім беру саласы бойынша, балалардың денсаулығын сақтау дағдыларын дамыту үшін дене шынықтыру жабдықтарын, оқу құралдарын және т.б. мақсатқа сай таңдау, орналастыруға қойылатын негізгі талаптар сақтау;
Сауықтыру-шынықтыру орталығы, дене шынықтыру алаңы, балалар алаңдарын талапқа сай жабдықталуы. Жабдықты таңдаудағы маңызды талаптардың бірі – оны пайдалану кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Жабдық жасалған материалдар гигиеналық талаптарға сай, экологиялық таза әрі берік болуы керек.
«Қатынас» білім беру дағдысы бойынша, балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту,ауызша сөйлеуді қалыптастыру, әр түрлі өмірлік жағдайларда қатынас дағдыларын меңгеру, Қазақстан халқының мәдениеті, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерімен танысу, мәнерлеп оқу және қайта айту, дыбыстық сөйлеу мәдениетін тәрбиелеу, белсенді сөздік қорын байыту, сөйлеу нормаларын меңгеру, мемлекеттік және орыс тілдерін оқыту арқылы балалардың іс-әрекетінің әр түрлі түрлерінде тәрбиеленушілердің ауызша және дәйекті сөйлеуін дамыту. Дамытушы ортада «Қатынас» білім беру аймағын, коммуникативті дағдылар, мектеп жасына дейінгі балалардың «қалыптасып келе жатқан сауаттылық» принципі, кітаптар орталығын құру.
«Таным» білім беру саласы бойынша, балалардың танымдық дағдыларын дамыту үшін жаңа буынның ойын жабдықтарын мақсатты таңдау және ұтымды пайдалану, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дағдыларын дамыту орталықтарын құру,пәндік-кеңістік, дамытушы модельдер,танымдық,зерттеханалық орталықтарын құру.
«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша, балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту орталықтарын, театрландыру,сурет салу,қолөнер орталықтарын құру.
Әлеумет» білім беру саласы әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын меңгеруді; қоғамдағы мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгеруді; баланың құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасай алуын; дербестікке тәрбиелеуді; айналадағы адамдарға құрметпен қарауды, өз отбасына тиесілік сезімін, эмоциялық жауаптылықты, эмпатияны қалыптастыруды; қазақ халқының, сондай-ақ басқа да халықтардың тарихы мен мәдениетін білу мен құрметтеуді, туған жер туралы түсініктерді; әр түрлі еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандықтағы адамдарға қызығушылықты қалыптасуын тәрбиелеу. «Әлеуметтік дағдыларды дамыту», «Қауіпсіз жол» орталықтарын құру.
Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығы көп қырлы болғандықтан, баланың қызығушылығын қолдап, жаңғыртып отырғанда ғана бала бойындағы шығармашылық әлеуетті ашуға ықпал

етеміз. Осылайша, нәтижелі ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта, балаларға қуаныш сезімін, балабақшаға деген жағымды қарым-қатынасын, балабақшаға келуге деген тілекті шақырады, жаңа әсерлер береді және білімдермен байытады. Белсенді шығармашылық әрекетті тудырады, мектепке дейінгі балалардың зияткерлік және әлеуметтік дамуына мүмкіндік беріп, баланың шығармашылық әлеуетін ашуға ықпал етері сөзсіз.

3. «Санэпид.Ережесінің орындалуы» жан жақты тексеру қортындысы.Бойынша медбике өткен ереженің орындалып жатқаны туралы айта кетті.

4. Үздік портфолио байқау қортындысы.Тыңдалды:Балабақша әдіскері: Ж.Кулыншакова қорытындыға байқау бойынша **Педагогтың портфолиосы туралы ЕРЕЖЕ**

**1. жалпы ережесі**

1.1.Ереже портфолионың бірыңғай мақсаты мен міндетін, оның құрылымы мен мазмұнын қарастырады.

**2. Портфолионың мақсаты мен міндеттері**

2.1.Мақсаты: маңызды кәсіби нәтижелерді сараптау мен ұсыну, педагогтың кәсіби өсу мониторингісін қамтамасыз ету.

**2.2.Міндеттері:**

Педагогтың-оқыту, тәрбиелеу, шығармашылық, өздігінен білім көтеру секілді түрлі әрекеттегі жеткен нәтижелерін ескеру.

Педагогтың біліктілік категориясын көтеруге немесе растауға қажетті, сонымен бірге, марапатқа ұсыну немесе оқу жылының соңында ақшалай сыйақы тағайындауға ақпараттың жинақталуын қамтамасыз ету. Педагогтың кәсіби шеберлігінің өсуі мен нақты өзгерістерін белгілеп отыру.

**3. Портфолио ұсыну формасы**

3.1. Мұғалімнің портфолиосы файлды папка-жинаққа ресімделеді.

4. Мұғалім портфолиосының құрылымы мен мазмұны.

4.1.Бірінші бөлім «Педагог жайлы жалпы мәлімет»

Педагогтың аты-жөні, туған жылы

- ✓ Білімі (қашан және не бітірді, дипломы бойынша алған мамандығы мен біліктілігі).
- ✓ Жалпы еңбек және педагогикалық өтілі. Осы білім беру мекемесіндегі педагогикалық жұмыс өтілі.
- ✓ Біліктілігін көтеру (тыңдалған курстың жылы, айы, курс мәселесі).
- ✓ Курстан өткенін, ғылыми, құрмет, дәрежелерін растайтын құжат көшірмелері.
- ✓ Марапат, грамота, түрлі деңгейдегі алғыс хаттар жайлы ақпараттар.
- ✓ Түрлі конкурстардан диплом көшірмелері.

Педагогтың қалауы бойынша өзге құжаттар осы ережеге сай 3 педагогты «Үздік» деп танылды әдіскер Ж.Кулыншакова психолог А.Бакишева тәрбиеші Л.Айтуреева ережеге сай және педагог-мадератор санаты бойынша қорғап өтті және жақсы ережеге сай қалған педагогтарымыз алдағы уақытта қайта толықтыру қажет екендігі айтылды.

**Тыңдалды:**балабақша меңгерушісі З.Амирсетова

5. Өнер өнерліге ғана оңай педагогтар мен тәрбиешілердің педпроцесте қолданылатын көрнекіліктер.Тәрбиешілер үнемі ізденіс үстінде болу қажет

көрнекіліктің түрлері: табиғи /сан түрлі табиғи объектілер, заттар / жасанды /макеттер, муляждар, тұлыптар, суреттер, карталар, фотографиялар, плакаттар, портреттер т.б./; ( графикалық /схемалық-графикалық бейнелер, сызулар, диаграммалар, таблицалар, кестелер т.б./; дыбыстық /таспаға жазылған көркем сөз, әдеби текстер/ өлең, проза, музыка, ұлы адамдардың ойлы сөздері, халықтың мақал-мәтелдері, жұмбақтары жазылған магнитафон таспалары т.б./; техникалық /киноаппараттар, диафильмдер, диапозитивтер, диопроэкторлар, эпидиаскоптар, телевизор, радио, проигрователь т.б./ көрнекіліктер.

Оқытудың көрнекілік әдісінсіз толық мәнді іс әрекет өткізіп, берік білім беру қиын. Сондықтан тәрбиеленушілерге білімді сапалы меңгертуде көрнекілік әдісін пайдаланудың маңызы зор. Көрнекіліксіз яғни дамытушы орта құрып өту керектігін түсіндірді.

6. Әр түрлі сұрақ жауаптар пікір алмасу болды соңында.

Шешім

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалсын.

2. Баяндама «Балабақшада заттық кеңістік дамытушы ортасын құрудың тиімділігі»оқып таныстырсын.

3. «Санэпид.Ережесінің орындалуы» жан жақты тексеру қортындысы.медбике Т.Сариева

4. Үздік портфолио байқау қортындылансын әдіскер Ж.Кулыншакова

5. Өнер өнерліге ғана оңай педагогтар мен тәрбиешілердің педпроцесте қолданылсын. Меңгеруші З.Амирсеитова

6.Сұрақ жауап «Кім мықты?» педагогтар.

Жиналыс төрайымы: З.Амирсеитова

Хатшы: Ж.Кулыншакова

**Хаттама №4**

Қатысқандар: 11

02.05.2023 ж.

**Күн тәртібінде:**

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. «Үздік терезе алдындағы бақша» байқауының қортындысы.
3.Баяндама: «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілетін қалыптастыру барысында дидактикалық ойындарының алатын орны».
4.Жазғы сауықтыру жұмыс жоспарын талдап бекіту.
5.Жазғы ұйымдастырылған іс-әрекетін кестесін бекіту.
6.Педагогтардың шығармашылық есебі.
7.Ашық іс-әрекеттерін талдау.
8.Оқу жылының қортындысы.

Тыңдалды: Б\б меңгерушісі: З.Амирсеитова өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Үздік терезе алдындағы бақша» байқауының қортындысы әдіскер Ж.Кулыншакова ау-бақша дегеніміз – өзіндік ерекше құбылыс. Оны күтіп-баптау, әркез суарып, арамшөптерін жұлу – қажырлы еңбекті қажет етеді. Жастайынан балаларды еңбекке баулып, айналасындағы тірі табиғатқа қамқорлықпен карауға деген сезімдерін арттыру мақсатында балабақшамызда терезе алдында шағын бау-бақшамызды қалыптастырдық. Балаларымен бау-бақшаны отырғызу барысында өсімдіктер мен көгөністердің жетілу барысын бақылап, оларға күтім жасадық. Аталған іс-шара арқылы балалардың эстетикалық сезімдерін арттырып, еңбек іс-әрекетіне баулу көзделді. Бау-бақшаны отырғызу барысында балалардың жұмысқа деген икемділіктері мен ептіліктерін байқадым. Олардың әрбір жасаған жұмысын тиянақты орындағаны көңіл қуантпай қоймады.Бау-бақшаға уақытылы күтім жасау үшін әр күнге кезекші бала қойып, жұмысты сүйіспеншілікпен жасауға тәрбиелеу назардан тыс қалмады. Балалардың әрқайсысы өз кезекшілігін асқан ынтызарлықпен күткенін ерекше атап өтсек ләзім.



Балалар терезе алдындағы бау-бақшамыздың әрбір өсіп шыққан көгөніс пен өсімдіктеріне риза болып, қуаныштан жүздеріне күлкі ұялап, жасаған еңбегінің жемісін көріп жүр. Бұл жұмыстар арқылы балаларды еңбекке тәрбиелеп қана қоймай, бау-бақшаның пайдасы жайлы оларды ақпараттандырдық. Балалардың қуанышында шек жоқ, ал терезе

алдындағы бау-бақшамыз тобымызда ерекше орын алып тұр. «Терезе алдындағы бау-бақша» әрбір балабақшада орын алғанын қалаймыз.

**Тыңдалды: б\б тәрбиеші Уразбаева А**

3.Баяндама: «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілетін қалыптастыру барысында дидактикалық ойындарының алатын орны».Танымдық іс-әрекет адам өміріндегі үрдістен қалыптасады. Бала дайын ақыл-оймен, таныпп-білуге дайын қабілетпен тумайды. Ол осы материалды тез қабылдайды. Оның бұл материалға деген таным көмегінен туатын немесе қолданушылық қызығушылығынан туғанда ғана жеңіл салыстырмалы түрде тез меңгереді.Мектепке дейінгі білім берудің басындағы басты мәселе болып олардың оқуға деген мотивациялық дайындығының жетіспеуі, осыдан оқуға деген тұрақты қызығушылығының жоқтығынан көрінеді.Дамыту ойындарында балаға әдейі қиын жағдайларды тудырады, ол одан шығар жолды таба білу керек. Сол арқылы бала ойлау қабілетін артырады. Дамыту ойындары баланың бойындағы өзін-өзі ұстау және жинақылыққа үйретеді. Бұндай ойындардың шарттары бала басқалардың ойындағы қателігін көріп, өзі жақсы ойнай бастайды. Ақырындап ол дұрыс ойнап, ұстамды болып, әдептілік нормаларын ұғынады.

**1. Танымдық** – баланы неге үйреткеніміз келеді, ол үшін қандай тәсілдер қарстырамыз.

**2. Тәрбиелік** – әріптестіктің түрі, балаға үйрететін басқа адамдармен қарым-қатынас жасау формасы.Дамыту (жетілдіруші) ойынның мақсаты: нақты білім беру емес, белгілі бір психологиялық қасиеттерді дамыту.

Қорытынды: Дамыту ойынында баланың еске сақтау қабілетін арттыру, ойлау қабілетінің жұмыс істеу және т.б., сондай-ақ белгілі бір әрекеттер жасау қажеттілігі, салыстыру, жалпылау, көрген-білгеніне жауап беру және сөйлеу қабілетінің қалыптасуы.

Көптеген тәрбиелік әрекеттерден және баланы өзіне қарату үшін қорғағыштық, көңілдік, таңқаларлық және де аяушылық қасиеттерін талдап едім. Эмоционалдық тәрбиенің негізінде баланың қызығушылығын арттыру, оның икемділігі. Мысалы, Нұраманға құстар қызықтырады: оның көп түрлілігі және ішкі түрі. Ата-аналарға «3 сұрақтың моделі» атты жобада қатысу деген ұсыныс. Біз барлық балалармен қызықты ақпарат жинай бастадық. Ақерке ертегілерді ұнатады – кең үлгіні «Теремок білімі» оның күнделікті қызығушылығы артты. Танымдық қызығушылық шарты балаларда әрине қалыптаса бастайды. Ерназ бен Айдананың әнге деген қызығушылықтары оянды, олар әнге, дыбысқа, өте оңай бейімделеді. Ал Айзере үй өсімдіктерін қорғағанды ұнатады. Әлихан мен Әмірхан сурет салғанды қалайды. Оларды әр түрлі түстер қызықтырады.

Әр балаға деген жеке қатынас тәсілі өте маңызды..

Оқу барысы өзіне көп назар аударғанды талап етеді. К.Д. Ушинский назар аударуды «Қоршаған ортаға деген қақпа» – деді. Назар аудару оқу барысына танымдық қызығушылықты арттырады. Баланың білімділігін арттыру үшін жұмбақ жағдайды да қолданады. Бірақ балалардың танымдық қызығушылыққа деген қызығуы кей жағдайда жоғалады, сондықтан мен бір бағыттық жаттығулар.

Басты шарт оның динамикалық білімді және дамытушы ойындарды жалғастыру болып табылады. Дамытушы ойындар арқылы баланың қызығушылығын арттыру, балаларды ойлануға әкеп соқтырады. Ой елегінен өткізу жұмбақтарды шешкізуге болады.

Дидактикалық ойындар арқылы балалардың білім алуға, оқуға қызықтыра отырып,тұлға дамуын қалыптастыруға болады. Мазмұны бойынша барлық дидактикалық

ойындар балабақша бүлдіршіндерінің ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың мазмұнды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Дидактикалық ойындар балабақша бүлдіршіндердің сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі. Себебі,ойын-оқу, еңбек іс-әрекеттермен бірге балалардың өмір сүруіне маңызды бір түрі. Балалармен жұмысында деңгейлік дидактикалық ойындар көп орын алады. Оларды әр оқу іс-әрекетінде және балалардың өз бетінше жұмыс істегенінде қолданамын. Мен өз тәжірибемде мынандай ойын түрлерін пайдаланамын.

**Қимылды ойын: «Кім шапшаң»**

Оқу қызметінде ойын түрлері жас ерекшелігіне байланысты қолданылады.Тәрбиеші баланы қызықтырып қоймай,бес саланы білім берудің негізгі құндылығы деп түсінсе ғана өз мақсатына жете алады.Жақсы ойын жақсы жұмыс сияқты да,жаман ойын жаман ойын секілді деген баланың қуанышы да,реніші де ойын арқылы байқалады. Өте ертеден –ақ психолгтар,педогогтар.Мектеп жасына дейінгі жасты ойын жасы деп атайды.Әрине бұл кездейсоқ емес бала не нәрсемен айналысып отырсада,оны ойын деп атайды.

**Дидактикалық ойын**: «Ертегі кейіпкерлерін тап!»

Ойын түрлерін балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес түрлендіре отырып, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, оқу қызыметінің кез-келген сәтінде оқыту әдісінің құралы ретінде пайдалануға болады.

Мектеке дейінгі ұйымдарда дидактикалық ойын түрлерін пайдалану, біріншіден,балалардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден, балалардың оқу қызыметіне деген қызығушылығын, белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеру болып табылады, үшіншіден балалардың танымдық процестерінің одан әрі дамуына көмектеседі.

Ойын баланың алдынғы өмірі есігін ашып оның шығармашылық қабілетін оятып бүкіл өмірімен ұштаса береді.

Әрбір тәрбиеленушіге-сапалы да терең білім бере отырып, олардың үнемі жарық жұлдыз болып жанып өз ана тілімізде таза сөйлеп, оның жанашыры болатынына,сөздік қоры мол өз елінің бәсекеге қабілетті азаматы бола алатынын сенімім мол. Осы бүлдіршіндердің жұлдыз болып жануы үшін ауыр да қиын еңбек жолындағы педагог ретінде ұстанымын.

**Тыңдалды**:Балабақша әдіскері:Ж.Кулыншакова 4.Жазғы сауықтыру жұмыс жоспарын талдап бекіту. Мақсаты:

- тәрбиеленушілердің психофизикалық денсаулығын қорғау және нығайту;
- табиғи факторларды пайдалана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын шынықтыру;
- балалардың демалысын, эмоционалдық саулығына қажетті жағдайды ұйымдастыру;
- қоршаған ортаға танымдық қызығушылығын дамыту.

Міндеттер:

1. Ауа, күн мен судың пайдалы қасиеттерін кеңінен пайдалану арқылы балаларды сауықтыру. Тамақтану барысын жемістер, шырындар, көгөністермен байыту.
2. Қозғалыс режимін оңтайлы құру арқылы қимыл белсенділігін арттыру.

3. Балалардың физикалық саулығын, қимыл мотивациясын, өзіне, өз денесіне, денсаулығына қызығушылығын қалыптастыру. Қауіпсіз өмір сүру дағдылары туралы білімін бекіту арқылы балалар жарақатының алдын алу.

4. Демалыстың кең спектрін ұйымдастыру, тәрбиеленушілердің эмоционалды-психологиялық жайлылығын қамтамасыз ету.

5. Балалардың жақын арадағы даму аймағын есепке алып, білім мен білікті бекіту бойынша жеке педагогикалық жұмысты ұйымдастыру; сөйлеу тілін түзету; қоршаған орта, жазғы табиғи құбылыстар туралы білімдерін байыту.

6. Жазғы кезенде отбасы мүшелерін балабақшамен бірлесе қызмет етуге тарту.

7. Оқу жылының басталуына дайындық жұмыстарын жүргізу.

**5.Жазғы ұйымдастырылған іс-әрекетін кестесін бекіту** толығымен таныстырылып бекітіп берілді.

6.Педагогтардың шығармашылық есеп берілілді.

7.Ашық іс-әрекеттері тәрбиешілер толықтырулар және кем кетіктер айтылды тәрбиеші А.Уразбаева

8.Оқу жылының қортындылансын

«Айгөлек» ортаңғы тобының тәрбиешісі: Айтуреева Ләззат Алишерқызы Қыркүйек айында ата-аналарға топтық жиналыс өтті.

1.Ата-аналарды 2022-2023 оқу жылының жоспары мен таныстыру.

2.«Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» кеңес

3 Ата-аналар комитетін сайлау.

Мемлекеттік стандартқа сай мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын басшылыққа ала отырып, бес дағды бойынша жылдық жоспар құрылды.

Ұйымдастырылған іс -әрекет түрі «Денсаулық» физикалық қасиеттерін дамыту.

Шығармашылық дағды бойынша сурет, мусүндеу, құрастыру, музыка, іс эректтер күн сайын өткізіледі бекілтілді.

Коммуниктавтік дағдыларын дамыту балалардың жас ерекшелікліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде өткізіледі.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардыңжас ерекшіліктерін ескере отырып, ойын түрінде ұйымдастырылған іс әрекеті іске асырылады.

Әлеуметтік – эмоционалды дағдылырын қалыптастыру.Қоршаған ортамен қамтылды.

Әрбір ұйымдастырылған іс-әрекет барысында қуыршақ театрын, үстел – үсті ойынын ,балаларға рөлдерді бөліп беру арқылы тілін,сөздік қорын дамытамыз.

І жарты жылдық барысында балаларға гигиеналық этикалық дағдылар үйретілді. Барлық тәрбиеленушілер қол жууды, әсіресе ас алдында,серуеннен келгенде, өзінің жеке сүлгісімен сүртінуді біледі. Жеке заттарымен - тарақ, жеке орамал қолдануды үйренді.

Үстел үстіндегі мінез- құлықтарыда қалыптасқан, балалар тамақты таза жеуге үйренді..Дастархан басында сөйлемеуді, тамақты дұрыстап шайнауды, қасық ұстауды,

майлықпен қолдануды меңгерді.Киімдерді дұрыс шешіп және оны ретімен орындық басына жинап қоюды, көмексіз киінуді үйренді. Қазір балалар амандасу, қоштасуды, сұрану деген сөздерді жақсы біледі. Әр түрлі сұрақтарға  жауап береді.

2022– 2023 оқу жылында тобымызда ашық іс-әрекеттер,ертеңгілік, мерекелік іс шаралар өтті.

Қыркүйек айында : Ертеңгілік білім  күні «Сәлем саған,балабақшам!» «Тілім менің тірегім!» тақырыбында ашық іс-әрекетін өттім.Осылайша әрбір топ қорытындымен электронды түрде тіркетті.

Шешім

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалсын.
2. «Үздік терезе алдындағы бақша» қортылансын.
3.Баяндама: «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілетін қалыптастыру барысында дидактикалық ойындарының алатын орны».оқып таныстырылсын
4.Жазғы сауықтыру жұмыс жоспарын талдап бекітілсін.
5.Жазғы ұйымдастырылған іс-әрекетін кестесін бекілсін.
6.Педагогтардың шығармашылық есеп берілсін.
7.Ашық іс-әрекеттерін талдансын.
8.Оқу жылының қортындылансын.

Жиналыс төрайымы:  З.Амирсеитова
Хатшы: Ж.Кулыншакова

**№3 «А.Әуметхан» бөбекжай балабақшасының кезектен тыс педагогикалық хаттамасы.**

Есентаев е\м

**Күн тәртібінде**

«А.Әуметхан» бөбекжай балабақшасында педагогикалық отырысы өтті.

1.Жиында «ҚР жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңының 27-бабының 2-тармағында, «Білім туралы» ҚР Заңының 6 бабы 2-тармағының 7-3) тармақшасына сәйкес «Түркістан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 29 қазандағы №185 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Түркістан облысы әкімдігінің қаулы жобасында балалардың мектепке дейінгі мекемеде 9 сағатқа ғана болуына ақысы төленетіні көрсетілген туралы.

**Тыңдалды:** «А.Әуметхан» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі: З.Амирсеитова сөз алды ол өз сөзінде, .Жиында «ҚР жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңының 27-бабының 2-тармағында, «Білім туралы» ҚР Заңының 6 бабы 2-тармағының 7-3) тармақшасына сәйкес «Түркістан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 29 қазандағы №185 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Түркістан облысы әкімдігінің қаулы жобасында балалардың мектепке дейінгі мекемеде 9 сағатқа ғана болуына ақысы төленетіні көрсетілген туралы толық таныстырып 10,5 сағатты 9 сағатқа ауысуы туралы түсіндіріп өтті.Және қаулымен таныстырды.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 4-бабының 11) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары бекітілсін.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары

Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 03.06.2020 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

| Лауазымдардың атауы | Штат бірліктерінің саны (топтардың санына қарай) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-3 | 4-5 | 6-7 | 8-9 | 10 және одан да көп |
| Меңгеруші | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 |
| Педагог-психолог | 0,5 | 0,5 | 1 | 1 | 1 |
| Әдіскер | 0,5 | 0,5 | 1 | 1 | 1 |
| Меңгерушінің шаруашылық бөлім жөніндегі орынбасары | – | – | – | – | 1 |
| Шаруашылық меңгерушісі | 0,5 | 1 | 1 | 1 | - |
| Медбике | 0,5 | 1 | 1 | 1,5 | 1,5 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Емдәмбике | - | - | 0,5 | 0,5 | 0,5 |
| Бухгалтер | 0,5 | 0,5 | 1 | 1 | 1,5 |
| Хатшы | - | - | 0,5 | 0,5 | 1 |
| Бас аспаз | - | - | - | - | 1 |
| Аспаз | 1,5 | 2 | 3 | 3 | 2 |
| Көмекші жұмысшы | 0,5 | 0,5 | 1 | 1 | 2 |
| Қоймашы | - | - | - | - | 1 |
| Кастелянша | 0,5 | 0,5 | 0,5 | 1 | 1 |
| Ғимараттарда кешенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы (әрбір ғимаратқа) | 1 | 1 | 1,5 | 1,5 | 2 |
| Кір жуу машиналарыныңоператоры | 1 | 1 | 1 | 2 | 3 |
| Күзетші | 3 | 3 | 3 | 3 | 3Жүктеу |

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының бір тобына есептелген тәрбиешілер мен тәрбиешілер көмекшілерінің штат бірліктері

| Лауазымдардың атауы | 6 күндік жұмыс аптасы кезінде балалардың болуы (сағат) | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 9 | 10 | 12 | 24 |
| Бөбекжай топтары | | | | |
| Тәрбиеші | 2,25 | 2,5 | 3 | 5,5 |
| Тәрбиешінің көмекшісі | 1,3 | 1,5 | 1,75 | 2,75 |
| Мектепке дейінгі топтар | | | | |
| Тәрбиеші | 2,25 | 2,5 | 3 | 3,5 |
| Тәрбиешінің көмекшісі | 1 | 1,25 | 1,5 | 1,5Жүктеу |

кестенің жалғасы

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 күндік жұмыс аптасы кезінде балалардың болуы (сағат) | | | |
| 9 | 10,5 | 12 | 24 |
| Бөбекжай топтары | | | |
| 2,0 | 2,25 | 2,5 | 4,5 |
| 1,1 | 1,3 | 1,5 | 2,5 |
| Мектепке дейінгі топтар | | | |
| 2,02 | 2,25 | 2,5 | 3,0 |
| 1 | 1,15 | 1,25 | 1,5Жүктеу |

**Ескертпелер**:

1. Интернаттық үлгідегі санаторийлік мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешілері мен тәрбиешілер көмекшілерінің штат бірліктері (туберкулез, аллергия ауруымен ауыратын, қант диабетімен ауыратын, әлжуаз және жиі ауыратын балалар үшін) демалыс және мереке күндеріндегі жұмысын есептегенде балалар тәулік бойы

болатын мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері мен тәрбиешілер көмекшілерінің штат бірліктеріне сәйкес белгіленеді.

2. Тәрбиеленушілерді дамытудың басым бағыты бар мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында мынадай:

әдіскер, бір бірліктен артық емес;

төрт жастағы және одан да ересек балалардың әр тобына лауазымның 0,25 штат бірлігі бойынша балаларды бейінді оқыту жөніндегі педагогтер лауазымының штат бірліктері белгіленеді.

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы музыка жетекшілері лауазымының штат бірліктері 2 жастағы және одан ересек балалардың әрбір тобына лауазымның 0,25 штат бірлігі есебінен белгіленеді.

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы қазақ тілі педагогінің штат бірліктері 3 жастағы және одан да ересек балалардың әрбір тобына лауазымның 0,25 штат бірлігі есебінен белгіленеді.

5. Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында және осындай балалар үшін арнайы топтар құрылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында әрбір топқа лауазымның бір штат бірлігі сурдопедагог лауазымы қосымша белгіленеді.

6. Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында және сөйлеу қабілеті бұзылған балалар үшін арнайы топтар құрылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында логопед және дефектолог мұғалім лауазымының штат бірліктері қосымша белгіленеді.

7. Әр түрлі тілде оқыту және тәрбиелеу қатар жүргізілетін эксперименттік режимде жұмыс істейтін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында әдіскерлердің лауазымының штат бірліктері топтардың санына қарай, әрбір топқа лауазымның 0,25 штат бірлігі есебінен еңбекақы төлеу қоры шегінде тілдік оқыту және тәрбие берудің әрбір түрі үшін жеке белгіленеді.

8. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында дене тәрбиесі залы болған жағдайда 3 және одан ересек жастағы балалардың әрбір тобы үшін лауазымның 0,25 бірлігі есебінде дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы лауазымының штат бірлігі қосымша белгіленеді.

9. Қыли көзді және амблиопиясы бар балаларға арналған арнаулы топтар құрылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында тифлопедагог мұғалімі және әрбір 3 топқа лауазымның 0,5 штат бірлігі есебінен медициналық аппаратураны жөндеу жөніндегі техник лауазымдарының штат бірліктері белгіленеді.

10. Балалардың дене мен психикалық денсаулығын сақтау әрі нығайту жөніндегі міндеттерді орындайтын және физиотерапия кабинеттері бар мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында дәрігер лауазымының 1 штат бірлігі көзделеді. 11. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында компьютерлік және ұйымдастыру техникасы болған кезде осы техникаға қызмет көрсету жөніндегі маманның лауазымдық штат бірлігі қосымша белгіленеді.

12. Гуманитарлық-эстетикалық бейіндегі жұмыс бағыты бар мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында ата-аналар мен балалардың қазіргі заманға сай талаптары ескеріле отырып, хореограф, эстетика, бейнелеу өнері жөніндегі педагогтер лауазымдарының және басқа да лауазымдардың штат бірліктері қосымша көзделуі мүмкін.

**Қаулы:** 1.Жиында «ҚР жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңының 27-бабының 2-тармағында, «Білім туралы» ҚР Заңының 6 бабы 2-тармағының 7-3) тармақшасына сәйкес «Түркістан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 29 қазандағы №185 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Түркістан облысы әкімдігінің қаулы жобасында балалардың мектепке дейінгі мекемеде 9 сағатқа ғана болуына ақысы төленетіні көрсетілген туралы қаулысы орындалсын.

**Жиналыс төрайымы: З.Амирсеитова**

**Хатшы: Ж.Кулыншакова**